

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**«Болашақ» академиясы
«Педагогика және психология» кафедрасы**

Болашақ



Ғылыми Кеңес отырысында бекітілді
2017 ж. № / хаттама

**«5В010300 – ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
2017-2021 оқу жылдарға арналған**

Қарағанды 2017

№	Пән атауы	Кредиттер		Оқытудың мақсаты	Қысқаша анықтамасы	Зерттеуден анықталатын нәтижелер	Пререквизиттер	Постреквизиты
		KZ	ECTS					
1 курс								
1	Экология және өмір қауіпсіздігі негіздері	3	5	Пәнді оқыту барысында мамандардың еңбек ету жолындағы кәсіби қорғаныстары мен қауіпсіздіктері туралы түсініктерін қалыптастырады. Табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының негізгі заңдылықтарымен толыққанды таныстыру басты мақсат болып саналады.	«Экология және өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» пәні адамның өмір сүру ортасымен қауіпсіз қарым-қатынасы мен оны қорғауға, төтенше жағдайларда шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуіне, табиғи және техногендік сипатты төтенше жағдайлардың салдарын ескерту мен жоюға, сондай-ақ осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуына, элементарлық қауіптер, діни секталар, лаңкестік әрекеттерді талдауға бағытталған шаралар кешені студенттердің адам өмірінің қауіпсіздігі аймағындағы негізгі түсініктерін қалыптастыруға септігін тигізеді.	Менгеру: бұл курстың мәселелері бойынша негізгі құжаттарды жан-жақты зерттеп, ТМД елдерінің қазіргі заманғы үрдістеріне тарихи-саяси талдау жасау. Білу: КСРО-ның құрылу тарихын, Кеңес мемлекетінің қалыптасуы одақтас республикалардың орны мен саясатының рөлі, КСРО-ның ыдырауы және Достастықты құруы, ТМД елдерінің экономикалық, саяси және мәдени даму ерекшеліктерін айқындау. Дағдысы болу: КСРО-ның және ТМД тарихын шығармашылықпен ойлауға және тәуелсіз мемлекеттердің келешектегі дамуын анықтауға қабілеттілігі.	Химия, география, биология, математика, ЖББ мектеп бағдарламасы көлемінде адам анатомиясы.	Оқушылардың физиологиялық дамуы, Өлкетану, Аймақтану, Туризм және өлкетану негіздері.
	Адамдардың апатты жағдайлары және экологиялық мәселелері	3	5	Аталған пәнді оқыту барысында студенттер білімдеріне сүйене отырып, адамның антропогендік әсерінен пайда болған қауіпті және кездейсоқ табиғи апаттардан қорғану салдары, техногендік және элементарлық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және салдарын	Студенттерде қоршаған орта және тіршілік қауіпсіздігі саласы туралы өткір және күрделі мәселелерді талқылауға объективті және кешенді талқылауға шығармашылығын қалыптастыру; Тіршілік ортасын және адамдарды жағымсыз әсерлерден қорғау шараларын, технико-экономикалық тиімділігін бағалау; ТЖ салдарының дамуын болжау және бағалау.	Менгеру: Төтенше жағдайларды болжау әдістері және олардың салдарын жою шараларымен толық танысып, ТЖ салдарын жою үшін қажетті жұмыс шараларына, құтқару жұмыстарына белсенді ат салысу. Осы курстың мәселелері бойынша негізгі құжаттарды жан-жақты оқып-үйрену, ТЖ болғанда тұрғындар мен территорияны қорғау, тіршілік қауіпсіздігін басқару. Білу: қазіргі заманда тіршілік қауіпсіздігінің теориялық	Химия, география, биология, математика, ЖББ мектеп бағдарламасы көлемінде адам анатомиясы.	Оқушылардың физиологиялық дамуы, Өлкетану, Аймақтану, Туризм және өлкетану негіздері.

				жою амал тәсілдерін қарастырып, құтылу жолдарымен және құралдарымен таныстырады		негіздерін, адамның тіршілік ету ортасы мен өндіріс ортасындағы рөлін, тіршілік қауіпсіздігін басқарудың заңнамалық және нормативті-құқықтық негіздерін, ТЖ және АҚ жұмыстарының жүйесін Дағдысы болу: төтенше жағдайларда қауіпсіздікті сақтап қалу: тұрғындар мен территорияны қорғау. Радиациялық-қауіпті нысандардағы ТЖ.		
	Қоршаған ортаның геохимиясы	3	5	Пәнді ғылымының негізгі мәселелерін осындай жүйемен беру арқылы бүкіләлемнің ғылыми жаратылыстық бейнесімен таныстыру, табиғаттың біртұтастығы мен даму заңдылықтарын, қазіргі жаратылыстану концепцияларын түсіндіру мақсаттіліп қойылды	Студенттерде қоршаған орта туралы, антропогендік (техногендік) ландшафт және табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен болатын геохимиялық өзгерістерді, адам ағзасына әсер ететін химиялық элементтер немесе қосылыстар туралы және олардың концентрациялары туралы мағлұматтарды толыққанды қалыптастыру	Меңгеру: Биосфераны ластайтын қоршаған орта геохимиясымен байланысты аймақтық және өзекті мәселелерді шешу. Туған елдің тарихын, мәдениетін зерттеуде қажетті материалды іздеп табу, бағалау және іріктеп алу, пәнді оқып-үйренуде салыстырмалы-тарихи әдісін қолдану. Білу: Қоршаған ортаны қорғау аймағындағы халықаралық және республикалық негізгі талаптар мен заңдылықтар туралы білу. Өлкетанудың негіздерін, тарихи өлкетанудың орны мен рөлін, Орталық Қазақстанның пайда болу тарихын білу. Дағдысы болу: Оқытылатын пән бойынша оқу міндеттерін шешу мақсатында әр түрлі пәндік саладағы білімдерді біріктіру, ақпараттың түрлі дереккөздерін анализдеу.	Химия, география, биология, математика, ЖББ мектеп бағдарламасы көлемінде адам анатомиясы.	Оқушылардың физиологиялық дамуы, Өлкетану, Аймақтану, Туризм және өлкетану негіздері.
2	Психология-педагогика мамандыққа	2	3	Студенттерге ғылымдар жүйесінде педагогика	«Педагогикалық - психологиялық мамандыққа кіріспе» пәні педагогикалық іс-әрекеттің мән-	Меңгеру: -Педагогтің теориялық және практикалық дайындығын;	Бұл пәнді игеру мектептік сабақтарға және	Педагогика, психология, педагогикалық

	кіріспе			ғылымының алатын орны жайлы алғашқы бағыт-бағдар беру, қоғам дамуында педагог мамандығының өзіндік маңызды рольге ие екендігін айқындау, студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру.	мағынасын жан-жақты терең ашып көрсетеді. Сонымен қатар педагогикалық қызметтің гуманистік бағытын, әлеуметтік ролін, оқыту функцияларын белгілей отырып, педагогтың кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің қалыптасып шыңдалу, педагогикалық шеберлігін ұштау жолдарын айқындайды.	-Педагог-психолог жұмысының теориялық және практикалық әдістерін меңгеру; -Педагогтың құзыреттілігін меңгеру; Қарым - қатынас орналастыру технологиясын меңгеру. Білу: -курстың мақсаты, міндеттері мен оқыту теориясы мен бағыттары жайлы түсініктері болуға тиіс; -Жоғарғы кәсіптік білімнің құқықтық негіздерін білуі; -Педагогтың әлеуметтік, кәсіптік позициясын білуі. Дағдысы болу: -қойылған мақсат пен міндеттерді қол жеткізілген нәтижелермен салыстыра білу дағдысы; -олардың сәйкестігін (балаларды байқау, олармен әңгімелесу, тексеру жұмыстарының нәтижелері негізінде) бағалай білу дағдысы.	мектеп психологының жұмысы туралы осыған негізделеді; Мектеп бағдарламасы аясындағы өзін - өзі тану.	шеберлік, педагогикалық менеджмент, педагогика тарихы, кәсіби педагогика.
	Педагогикалық мамандықтың қалыптасуы	2	3	Педагогикалық мамандықтың қалыптасуымен студенттерді таныстыру, педагогикалық мамандықтың даму кезеңдерін ашып көрсету, сана сезімінде қалыптастыру.	Педагогикалық мамандықтың пайда болуын, дамуын және қалыптасуын жақсы меңгеруін қамтамасыз ету. Педагогикалық мамандығының маңыздылығын түсіндіру. Педагогикалық мамандықтың сипаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу, түзету, ұйымдастыру және т.б. айналысатыны туралы тақырыпты ашып көрсету; Студенттердің өз болашақ мамандығын қадірлеу, сүйу	Меңгеру: - дербес зерттеулер тәжірибесінде алынған білімді қолдану. Білу: -қазіргі қойылатын талаптар есебімен болашақ мұғалімдерді әлеуметтік кәсіби дайындау курсының негіздері; - болашақ мұғалімдерді әлеуметтік- кәсіби дайындаудағы психологиялық - педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық теорияның ролі; -педагогика ғылымының жалпы	Бұл пәнді игеру мектептік сабақтарға және мектеп психологының жұмысы туралы осыған негізделеді; Мектеп бағдарламасы аясындағы өзін - өзі тану.	Педагогика, психология, педагогикалық шеберлік, педагогикалық менеджмент, педагогика тарихы, кәсіби педагогика.

					қасиеттерін, танымдық білдіруін жандандыру. Алынған білімдерді тәжірибеде қолдана алатындықтай жеткізу.	негіздері: педагогиканың пәні мен міндеттері, педагогикалық зерттеулердің әдістері, дамудың жалпы заңдылықтары, дамудың жеке және жас ерекшеліктері, тәрбиелеу мәселелері, ҚР білім беру жүйесі және оның құрылу қадиғадалары. Дағдысы болу: - жоғары мектептегі оқу- танымдық еңбек мәдениетін меңгеру; - әртүрлі мектеп жасындағы оқушылармен тәрбиелеу жұмысы тәжірибесіндегі педагогикалық теория білімін жүзеге асыру.		
	Педагогтың кәсіби этикасы	2	3	Студенттерге педагогтың кәсіби әдебі жөнінде білім беру, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидалары мен этикалық категорияларын бойларына сіңіру	«Педагогтың кәсіби этикасы» пәні педагогика ғылымының бір бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады	Меңгеру: - этикалық көзқарас тұрғысынан кәсіби іс -әрекеттің құбылыстары мен фактілерін бағалау; - нақты өмір жағдаяттарындағы адамгершілік қалыптары мен ережелерін коодану, Білу: - кәсіби этиканың ерекшеліктері мен мазмұны, негізгі этикалық түсініктер мен категориялар; - педагогтың кәсіби іс әрекетіндегі адамгершілік шиеленісті жағдаяттарды шешу; - кәсіби деформацияның мәні, оны ескерту мен шешу жолдары; - этикет түсінігі, оның қоғам өміріндегі орны, этикет ерекшеліктері, оның негізгі қалыптары мен қызметтері. Дағдысы болу: - моральдық этика қалыптары көзқарастары тұрғысынан қоршағандардың және өзінің іс-әрекетін бағалау дағылары;	Бұл пәнді игеру мектептік сабақтарға және мектеп психологының жұмысы туралы осыған негізделеді; Мектеп бағдарламасы аясындағы өзін - өзі тану.	Педагогика, психология, педагогикалық шеберлік, педагогикалық менеджмент, педагогика тарихы, кәсіби педагогика.

						- этикет нормаларына сәйкес адамдармен қарым қатынас, ұжымдағы іс- әрекеті дағдысы.		
3	Өзін-өзі тану	2	3	Болашақ педагогтардың ізгілікті дүниетанымын дамыту, олардың бойында өзін-өзі тұлғалық және кәсіби дамытудың, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсетудің шығармашылық білімдер мен практикалық іскерліктердің жүйесін қалыптастыру болып табылады.	Студенттердің педагог мамандығының мүмкіндіктерімен және ерекшеліктерін анықтау жағдайы мен өзінің тұлғасын мәселелерін дамытудағы кәсіби өзін-өзі тану мен өзін-өзі жүзеге асыруды ұйымдастыруға көзқарастарын кеңейту жолымен болашақ педагогтарды кәсіби дайындаудың психологиялық-педагогикалық, тұлғалық аспектісін күшейту.	Меңгеру: студентте көрініс беретін тұлғалық және танымдық даму мәселелері мен қиындықтарын талдау негізінде өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуды жүзеге асыру әдістемелерін тандау. Білу: өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттері көре және мақсат қоя білуі қажет; міндеттері мен мақсаттарын өзінің өмірлік жоспарларымен байланыстыра. Дағдысы болу: өзін-өзі танудағы зерттеу- мақсат емес ал барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу мақсатындағы тұлғаны терең танып білудің басталуы екендігіне негізделген, тұлғаның өзін-өзі дамытуға қатысты қазіргі заманғы әдістер ретін игерту.	Өзін өзі тану мектеп бағдарламасы аясында; психология.	Педагогика; Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.
	Ізгілік педагогикасы	2	3	Болашақ педагогтардың ізгілікті дүниетанымын дамыту, олардың бойында өзін-өзі тұлғалық және кәсіби дамытудың қабілеттері мен білімдер және практикалық іскерліктердің жүйесін қалыптастыру.	«Ізгілік педагогикасы» курсы элективті кәсіби пән болып табылады Мектептерде білімнің мазмұны болашақ мамандардың қоғамның мақсаттары мен талаптарына сәйкес білім, дағды шеберліктерінің жүйесінен білініп, олардың өмірге көзқарасы, азаматтық және кәсіби сапаларында, оның білу мүмкіндігі мен талаптарымен белгіленеді.	Меңгеру: ізгілік педагогика жүйесін қолдану; ізгілік педагогика жүйесін қолдану бойынша жобалау және жұмыстарын жүргізу. Білу: тәрбие жүйесінің теориялық негіздері; тәрбие жүйесінің тарихы туралы; жеке тұлға дамуының жас және дара ерекшеліктері; жоо-да қазіргі педагогикалық технологияларын оқыту және тәрбие принциптері мен заңдылықтарын. Дағдысы болу: ізгілік тәрбиені пайдалану; гуманистік тәрбиені қолдану.	Өзін өзі тану мектеп бағдарламасы аясында; психология.	Педагогика; Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.

	Отбасындағы рухани тәрбиенің негіздері	2	3	<p>Мақсаты: тұлғаны қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету, теориялық білімді тереңдете түсуі, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру; оқушыларының логикалық ой-өрісін кеңейтіп, ізденушілік қасиеттерін тәрбиелеу.</p>	<p>«Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбие негіздері» курсы элективті кәсіби пән болып табылады. Аз комплектілі мектептерде білімнің мазмұны болашақ мамандардың қоғамның мақсаттары мен талаптарына сәйкес білім, дағды шеберліктерінің жүйесінен білініп, олардың өмірге көзқарасы, азаматтық және кәсіби сапаларында, оның білу мүмкіндігі мен талаптарымен белгіленеді.</p>	<p>Меңгеру: алған білімді және ғылыми теоретикалық және жазба басылымдарын зерделеу, жалпы ақпараттық құралдар (ЖАҚ) дұрыс пайдалана білуі, мектептану бойынша пәні шығармашылықта іздену дағдысын және жаңа технологияларды оқу-тәрбие процесінде дұрыс қолдана білуін қалыптастыру. Білу: өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу арқылы студенттерге мағұлмат беру. Дағдысы болу: шығармашылық жұмыс істей алу дағдыларын меңгеруі.</p>	<p>Өзін өзі тану мектеп бағдарламасы аясында; психология.</p> <p>Педагогика; Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.</p>
4	Экономика негіздері	2	3	<p>Курстың мақсаты – экономикалық ғылымның жалпы теориялық аспектілерін, нарықтық экономиканың қызмет ету заңдылықтарын оқыту, әр түрлі нарықтардың инфрақұрылымын және нарықтық механизмін талдау. Механизмдерін, микро, макро және халықаралық деңгейдегі</p>	<p>Экономика негіздері ғылыми пән ретінде экономикалық категориялар, экономикалық заңдар және шаруашылық механизмдерін, микро, макро және халықаралық деңгейдегі өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну процестеріндегі қатынастарды қарастырады. Берілген пәнді оқытудың негізгі міндеті студенттерге қазіргі экономикалық талдаудың негізгі принциптерін интенсивті түрде үйрету. Экономикалық теорияда заңдар талдаудың екі деңгейіне негізделген: микроэкономикалық және макроэкономикалық,</p>	<p>Меңгеру: кәсіби қызмет ету барысында гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі заңдылықтарын, түсіндірмелі-санатты аппаратты пайдаланып, қызметі барысында кәсіби лексиканы тиімді қолдана білу; Білу: Өз елінің және өзге елдердің аймағында болып жатқан экономикалық уақиғаларына талдау жасап, ағымдағы негізгі экономикалық мәселелерге қатысты ақпарат тауып, оны дұрыс пайдалана білу. - әлемдік және макроэкономиканың микроэкономикалық теорияның негізі ұғымдары мен</p>	<p>Экология және ӨҚ негіздері, Корупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.</p> <p>Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Шағын және орта бизнес экономикасы, Шағын және орта бизнесті инвестициялау мен несиелендіру</p>

				өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну процестеріндегі қатынастарды қарастырады.	осының негізінде негізгі түсініктер қалыптасады.	модельдерін; - негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер мен ондағы есептек қағидаларын меңгеру. Дағдысы болу: - қоғамдық мәселелерді талдауға біртұтас тәсілмен қарай білу.		
Экономикалық ілімдер тарихы	2	3	Құрстың мақсаты – экономикалық ғылымның жалпы теориялық аспектілерін, нарықтық экономиканың қызмет ету заңдылықтарын оқыту, әр түрлі нарықтардың инфрақұрылымын және нарықтық механизмнің қалыптасу тарихын қарастыру.	Бұл пән жалпы экономикалық ғылымның жалпы теориялық аспектілерін, нарықтық экономиканың қызмет ету заңдылықтарын оқыту, әр түрлі нарықтардың инфрақұрылымын және нарықтық механизмнің қалыптасу тарихын қарастыру.	Менгеру: - экономикалық білімнің даму бастамалары мен негізгі мәселелерін; - экономикалық ілімдер тарихының экономикалық ғылымдар жүйесіндегі орнын; - заманауи экономикалық ойлардың негізгі бағыттарын қалыптастыруды; - алдыңғы қатардағы ғылыми мектептердің негізгі өкілдерін және олардың ғылыми ізденістерінің бағыттарын, сонымен қатар олардың зерттеулерінің заманауи экономикалық ғылым үшін маңыздылығын. Білу: - экономикалық білімді білікті маман қызметінің әдістемесін қалыптастыру объектісі ретінде қарастыруды және зерттеуді; - күрделі экономикалық үрдістерді дұрыс бағалауды; - мемлекеттердің экономикалық саясаттарында қабылданатын тұжырымдамаларының экономикалық өмірдің нақты қажеттіліктеріне сәйкес екенін түсіну. Дағдысы болу: алған білімдерін тәжірибеде жүргізіліп жатқан	Экология және ӨҚ негіздері, Коррупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Шағын және орта бизнес экономикасы, Шағын және орта бизнесті инвестициялау мен несиелендіру	

						экономикалық реформалардың нәтижелерін бағалау үшін қолдана білу.		
Қолданбалы экономика	2	3	Қолданбалы экономика» пәнінің мақсаты – қазіргі кездегі шаруашылықтың ерекшеліктерін, заңдылықтарын, даму мәселелерін, әлемдік экономиканы әлем елдерінің ұлттық экономикасын біріктіруші ретіндегі ерекше экономикалық жүйе және оның құрылымы туралы негізгі білімдерді береді.	Студенттерге елдегі әлеуметтік-экономикалық үдерістерді әлемдік экономика механизмі туралы тұтас мағлұматтар беру. Олардың әлемдік экономикадағы ұлттық экономиканың ролін анықтайтын негізгі көрсеткіштерімен таныстыру, экономикалық үлгілер құрып, талдау жасауға, шешімдер қабылдауға үйрету, көптеген шешімдер арасынан ең ұтымдысын таңдауда бағдар беру болып табылады. Сондай-ақ, студенттің экономиканы зерттеуде экономикалық ойлау, талдау қабілетін арттыру.	Меңгеру: Кәсіби қызметті іске асыруға қатысты мақсат-міндеттерді қоя білу; - мекеменің ішкі және сыртқы орталарын талдап, негізгі құрамдас бөліктері мен олардың ұйымдастыруға қатысын анықтау; - мекеме құрылымын талдап, оны жетілдіру жақтарын қарастыру анализировать, өнімнің өзіндік құнын талдау және қалықалау, басқарма есебіне негізделген шешімдер қабылдау; түрлі есептеу және үлестіру жүйелерінің тиімділігін бағалау; қаржылық және инвестициялық шешімдердің кіріс мен тиімділігін және төнетін қаупін есептеп шығару. Білу: Мекемедегі негізгі бизнес-үрдістерді, мақсатты тұжырымдау қағидаларын, жоспарлаудың әдістері мен түрлерін, мекеме құрылымының үлгілері, олардың негізгі көрсеткіштері мен жобалаудың негізгі қағидағдарын; қызмет ету заңдылықтары мен мекеменің даму қағидағдарын білу; заманауи мекемедегі менеджердің қызметі мен міндеттері; мекемедегі негізгі бизнес-үрдістер; мекемедегі негізгі қаржы есептерінің құрылымы мен мазмұнын, пайдаланылуын; қаржылық	Экология және ӨҚ негіздері, Корупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.	Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Шағын және орта бизнес экономикасы, Шағын және орта бизнесті инвестициялау мен несиелендіру	

						<p>тұрақтылық пен өтімділіктің, төлемге қабілеттіліктің, іскерлік және нарықтық белсенділіктің нәтижелілігі мен тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін білу.</p> <p>Дағдысы болу: Қаржылық болжам мен қаржылық есеп жасау әдістері; адам ресурсын басқару аспаптары.</p>		
5	Құқық негіздері	2	3	<p>Курсты оқытудағы негізгі мақсат: құқық негіздеріне байланысты барлық ілімдерді меңгеру, негізгі категорияларды білу, мемлекет және құқық туралы мағлұмат алу болып табылады.</p>	<p>Құқық негіздері пәні жоғары кәсіби білімі бар заңгерді дайындаудың жалпы жүйесіндегі мәнге ие. Құқық негіздері жоғарғы оқу орындарының барлық мамандықтарында оқытылатын міндетті пәндердің бірі. Бұл пән құқық пен мемлекет туралы жинақталған ұғымдарды оқытады.</p>	<p>Меңгеру: іс-әрекеттер мен оқиғаларды құқықтық тәртіп арқылы талдау және қажетті нормативтік актілерге сүйене білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР-ның күшіне енген заңнамасын қажетінше пайдалана білу; - Құқықтық теория бойынша жүйелі білім алу; - Болып жатқан іс-әрекеттер мен оқиғалар арқылы құқықтық дағдыларды игеру; <p>Білу: ҚР-ның негізгі құқықтық-нормативтік актілерін игеру, түіну және пайдалану.</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазіргі замандағы қоғамдағы құқықтың орны мен оның мағынасын түсіну. - ҚР-ның Конституциясының негізгі ережелерін; - ҚР-ның күшіне енген заңнамасының негізгі ережелерін білу; - мемлекетті басқару органдарының жүйесін, ортасын және өкілеттілігін; - Материалдық және іс жүргізу құқығының өзара әсер ету механизмдерін; <p>Дағдысы болу: :</p>	<p>Экология және ӨҚ негіздері, Корупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.</p>	<p>Ювенология, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Экономика негіздері.</p>

						<ul style="list-style-type: none"> - заңнамамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; - заң турасында алған білімдерін пайдалана білу дағдысы. 		
Мемлекеттану негіздері	2	3	Бұл курстың мақсаты құқықтану және мемлекеттанудың бастапқы түсініктерімен, ережелерімен категорияларымен таныстыру.	Мемлекеттану негіздері пәні жоғары кәсіби білімі бар заңгерді дайындаудың жалпы жүйесіндегі мәнге ие. Мемлекет және құқық теориясы әдістемелік ғылым болып табылады, онда заң ғылымдарындағы арнайы сұрақтарды шешу үшін фундаменталды болып табылатын, маңызды теориялық ережелер өңделеді; үшіншіден, ол құқықтануда салалық ғылымдар сұрақтарын зерттейтін интегративті ғылым ролінде шығады.	<p>Менгеру: заң ұғымдары мен категорияларды пайдалану;</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңдық фактілер мен соның ықпалынан болатын құқықтық қатынастарды талдай білу; - құқықтық нормаларды талдау, түсіндіру және дұрыс пайдалану; - заңға сәйкес іс-әрекеттер мен шешімдер қабылдау; - нормативті-құқықтық актілердің құқықтық экспертизаларын іске асыру; - заңи құжаттарды дұрыс әзірлеп, толтыра білу; <p>Білу: Мемлекет пен құқықтың болмысы мен табиғатын; олардың негізгі пайда болу заңдылықтарын, тарихи түрлері мен формаларын, қызметтерін; мемлекет механизмін, құқық жүйесін, құқықтық тәртіпке келтірудің, іске асырудың механизмдері мен амалдарын Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық ерекшеліктерін; қоғамның саяси және күнделікті өміріндегі мемлекет пен құқықтың рөлін білу.</p> <p>Дағдысы болу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құқықтық актілермен жұмыс істей білу; - кәсіби іс-әрекеттердің нысаны болып табылатын түрлі құқықтық құбылыстарға, заңдық фактілерге, құқықтық нормалар мен қатынастарға талдау жасай 	Экология және ӨҚ негіздері, Корупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.	Ювенология, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Экономика негіздері.	

	ҚР мемлекет және құқық негіздері	2	3	Мемлекеттік-құқықтық білімдер жүйесінде базалық тұрғыларды иемденіп мемлекет және құқық теориясы студенттерге мемлекет пен құқықтың мәнін, қоғамдық тағайындалуы, олардың басқа элеуметтік құбылыстармен байланыстары, мемлекет пен құқықтың пайда болу және дамуының заңдылықтары туралы білімдер береді.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік және құқық негіздері пәні жоғары кәсіби білімі бар заңгерді дайындаудың жалпы жүйесіндегі мәнге ие. Бұл өз алдына оқытушыларға пәннің аса маңызды бөлімдерін жүйелі әрі тереңірек оқытуды жауапты міндет жүктейді.	білу дағдысы. Меңгеру: қазіргі замандағы қоғамда болып жатқан элеуметтік-экономикалық және саяси үрдістерді түсіну; - мемлекетті басқару бойынша алған білімдерін жалпылау; - мемлекетті басқару бойынша алған теориялық білімдерін дұрыс пайдалану білу, оның ішінде: конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды пайдалану. Білу: қазақстандық қоғамның саяси құрылымының ұйымдастырылуын; - заңи қызмет барысында негізгі этикалық ұғымдар мен категорияларды, мазмұны мен кәсіби этиканың ерекшеліктерін білу; Дағдысы болу: - заң тұрғысындағы білімді пайдалану; - кәсіби қызмет кезінде конституциялық-құқықтық нормаларды қолдану; - мәселені шешудің оңтайлы амалы мен теориялық ойлауды өзара үйлестіру.	Экология және ӨҚ негіздері, Корупцияға қарсы мәдениет негіздері, Еңбек қорғау, Мектеп бағдарламасы аясында адам және қоғам.	Ювенология, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Экономика негіздері.
6	Педагогика тарихы	3	5	«Педагогика тарихы» пәні арқылы студенттерді түрлі тарихи кезеңдердегі әртүрлі өркениеттердегі педагогикалық ойлар мен білім берудің даму мәселерімен таныстыру; тарихи-	Педагогика тарихы - білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім беру мен педагогикалық ғылымдардың қазіргі заманғы проблемаларымен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы.	Меңгеру: - шетел елдерінде, ТМД елдерінде, Қазақстан Республикасындағы тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негіздерін; Білу: - маңызды педагогикалық құбылыстарды білу; - алғашқы қауымдық	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Педагогика, психология, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіби педагогика.

				педагогикалық идеяларға жеке, өзіндік білім беруде тұтас педагогикалық сана қалыптасуына мүмкіндік туғызу.		қоғамнан бастап қазіргі кезеңге дейінгі педагогиканың даму тарихын; –педагогика аймағындағы ағартушылардың және әр халықтың педагогтарының жүйесі бойынша және олардың қоғамның мәдени әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін. - әлемдік тарихи-педагогикалық процесті талдаудың негізгі принциптерін; Дағдысы болу: - түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы және өзге елдердегі өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту теориясы мен практикасы жайлы; - педагогикалық ойдың көрнекті өкілдерін, олардың оқыту және тәрбие теориясы мен практикасына ықпалын білуге.		
Салыстырмалы педагогика	3	5	«Салыстырмалы педагогика» пәні арқылы студенттерді әр түрлі елдердегі педагогикалық ойлар мен білім берудің даму мәселерімен таныстыру; тарихи-педагогикалық идеяларға жеке, өзіндік білім беруде тұтас педагогикалық сана қалыптасуына мүмкіндік туғызу.	Салыстырмалы педагогика – әр түрлі елдердің білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім беру мен педагогикалық ғылымдардың қазіргі заманғы проблемаларымен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы.	Менгеру: - әр түрлі елдердегі тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негіздерін; - әлемдік тарихи-педагогикалық процесті талдаудың негізгі принциптерін; Білу: – маңызды педагогикалық құбылыстарды білу; -Салыстырмалы педагогиканың зерттеу әдіснамасын; -Салыстырмалы педагогиканың даму кезеңдерін; Дағдысы болу; - түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы және өзге елдердегі өскелең ұрпақты	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Педагогика, психология, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіби педагогика.	

						тәрбиелеу мен оқыту теориясы мен практикасы жайлы; - педагогикалық ойдың көрнекті өкілдерін, олардың оқыту және тәрбие теориясы мен практикасына ықпалын білуге.		
	Мектеп тарихы және шетел педагогикасы	3	5	«Мектеп тарихы және шетел педагогикасы» пәні арқылы студенттерді түрлі тарихи кезеңдердегі әртүрлі өркениеттердегі педагогикалық ойлар мен білім берудің даму мәселерімен таныстыру; тарихи-педагогикалық идеяларға жеке, өзіндік білім беруде тұтас педагогикалық сана қалыптасуына мүмкіндік туғызу, шетелдің білім беру барысымен таныстыру.	Мектеп тарихы мен шетел педагогикасы - білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім беру мен педагогикалық ғылымдардың қазіргі заманғы проблемаларымен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы.	Менгеру: бұрынғы тәрбиегесыни және сындарлы талдау, идеялар, тұжырымдамалар, практикалық тәжірибесі Білу: маңызды фактілер теориясы мен практикасын тәрбиелеу сонау көне заманнан біздің күнге дейін; нақты практикалық білімдерін отбасылық және ұйымдастырушылық нысандары қоғамдық тәрбие. Дағдысы болу: талдау классиктерінің шығармаларын педагогика бағалау; туындайтын қазіргі уақытта тұжырымдамасы.	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, этнопедагогика және этнопсихология, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Педагогика, психология, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіби педагогика.
7	Этнопедагогика және этнопсихология	3	5	Пәнді оқытудың мақсаты- этнопедагогика және этнопсихология пәнін оқыту процесінде болашақ педагогтардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастырып, этнопсихологиялық, теориялық білім негіздерімен қаруландыру.	Этнопедагогика халықтық педагогиканың теориясы тұрғысынан әр түрлі гуманитарлық ғылымдар түйісіуіндегі пәнаралық сипатқа ие қазіргі педагогика ғылымының саласы. Бұл пән болашақ ма-мандарға жеке адамның өзін және этносаралық қаты-настар жайындағы жүйелі түсініктерді қалыптастыру жайлы заңдылықтарға қатысты қажетті білім, білік, дағдылармен қамтамасыз етіп, оны теориялық	Менгеру: - Алған білімдерін тәжіребелік жағдайда қолдана алуы керек. Білу: - Этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі тұжырымдамаларын; - Этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі әдіснамалық принциптерін; - Этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі принциптері мен	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, педагогика тарихы, психология тарихы, Отбасы педагогикасы, Отбасы тәрбиесіндегі халықтық педагогика.

				және тәжірибелік тұрғыда игеруге көмектеседі.	категорияларын; Дағдысы болу: - Әдеби қайнар көздерімен жұмыс жасай алуы; - Теориялық білімдерді тәжірибеде пайдалана алуы.		
Этникалық тәрбие	3	5	Пәнді оқытудың мақсаты- этникалық тәрбие пәнін оқыту процесінде болашақ педагогтардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастырып, этнопсихологиялы, теориялық білім негіздерімен қаруландыру.	Студенттердің қазіргі өмірдегі этнопсихологиялық білімдерін, осылардың таңдалынған мамандық шеңберіде кәсіби қалыптасу процесіндегі рөлі мен оның мәнін анықтау, этностық ерекшелікпен этносаралық қатынас мәселе-лерін өзінше терең зерттеуге қызығушылығын тудыру.	Менгеру: - Этникалық тәрбиелеу пәнінің тұжырымдамаларын; - Этникалық тәрбиелеудің негізгі әдіснамалық принциптерін; - Этникалық тәрбиелеудің негізгі принциптері мен категорияларын және т.б. Білу: - Этникалық тәрбиелеудің әлеуметтік жағдаяттарын сипаттай алу керек; - Алған білімдерін тәжірибе жағдайда қолдана алуы керек. Дағдысы болу: - Әдеби қайнар көздерімен жұмыс жасай алуы; - Теориялық білімдерді тәжірибеде пайдалана алуы. мен құндылықтарын.	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, педагогика тарихы, психология тарихы, Отбасы педагогикасы, Отбасы тәрбиесіндегі халықтық педагогика.
Балаларды тәрбиелеудегі халықтық салт-дәстүрлер	3	5	Студенттердің халықтық салт-дәстүрлер жүйесін қалыптастыруға үйрету қажет.	Бұл пән болашақ ма-мандарға жүйелі түсініктерді қалыптастыру жайлы заңдылықтарға қатысты қажетті білім, білік, дағдылар-мен қамтамасыз етіп, оны теориялық және тәжірибелік тұрғыда игеруге көмектеседі.	Менгеру: Пәнді игеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын білім, білік, дағды болу: Білу: гуманистік көзқарас, психологиялық-педагогикалық творчестволық ойлау, коммуникативті хабардарлықтың дамуы арқылы тұлғалық потенциалын өздігінше жетілдіруге басымдылығын қалыптастыруды; Дағдысы болу: халықтық салт-дәстүрлердің жағдайын,	Педагогикалық-психологиялық мамандыққа кіріспе, Өзін өзі тану, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы.	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, педагогика тарихы, психология тарихы, Отбасы педагогикасы, Отбасы тәрбиесіндегі халықтық педагогика.

						ерекшеліктерін үйренеді; -әртүрлі халықтардың ұлттық-психологиялық ерекшеліктері туралы түсінігінің қалыптасуы.		
8	Өлкетану	2	3	«Өлкетану» пәнін оқытудағы мақсат - студенттердің жеке зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру үшін теоретикалық дайындықты қамтамасыз ету, және өлке тарихы, мәдениеті, географиясы, экономикасы, туризм т.б. білім беріп, елге, тұған жерге, отанға деген патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.	Оқылатын пән студентке тарихи өлкетану бойынша белгілі білім алуларына, сонымен қатар, мамандық пәндерін оқуға қажетті білім алуға мүмкіндік береді.	Менгеру: Зерттелетін пәннің негізгі ережелерін игерудің жоғары деңгейі және шындықтың жергілікті тарихын талдау дағдыларын меңгереді. Студенттерді туған өлке табиғатымен, өндіріс отындарымен практика жүзінде таныстыру арқылы өз өлкесін сүйуге, қорғауға баулу. Білу: аймақтың тарихы мен мәдениетін білу; әртүрлі картографиялық материалдарды, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, жергілікті жердің схемалық жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Дағдысы болу: аймақтың тарихы туралы білімді жүйе осы мәселе бойынша талқылауы мүмкін.	Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы, Экология және өмір қауіпсіздік негіздері	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіпкерлік қызмет негіздері.
	Аймактану	2	3	Пәннің негізгі мақсаты әр аймақ әлемнің географикалық бөлшегі ретінде танумен қатар, олардың экономикалық, демографиялық, саяси, әлеуметтік т.б. әлеуі мен ерекшеліктерін көрестіп, сол арқылы отан сүйгіштіктің негізін қалап, ұлтаралық және	Пәннің аясында студентреде аймақтардың тарихы, мәдениеті, географиялық ерекшеліктерімен қатар экономикасы, демографиясы, саяси және әлеуметтік дамуы жайлы білім бере отырып, аймақтың әлемдік деңгейдегі маңызы тұрасында жүйелім білім қалыптастыру көзделген.	Менгеру: Пәндерді оқып-үйрену барысында, тұтас аймақтың экономикалық жүйе ретінде көзқарасын, оның құрылымын, механизмдерін, әлем және Қазақстан өңірлерін дамытудың жай-күйі мен келешегін меңгереді. Студент отандық және шетелдік зерттеу тәжірибелерімен танысады және аймақтық экономиканың басқарылуын меңгереді; Дағдысы болу: әлеуметтік-экономикалық аймақтық даму мен экономикалық жүйелеріне; даму және аналитикалық	Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы, Экология және өмір қауіпсіздік негіздері	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіпкерлік қызмет негіздері.

				әлемге деген кең көз қарасын қалыптастыру. Пән аясында туған өлкенің жеткен жетістіктеріне қуанып, қиындықтарына қатысты жанашырлықпен қарауды да қарастырылған.		дағдылар қалыптасады, өңірлер мен жалпы ел дамуының негізгі үрдістерін салыстырмалы талдауға өз бетінше әрекет ету қабілеті; экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттау негізінде белгіленген стандарттар мен теориялық және эконометриялық модельдер құру қабілеті болу.		
	Туризм және өлкетану негіздері	2	3	Пәннің оқыту мақсаты – курстың география ғылым жүйесіндегі маңызын көрсету, студенттерді туған өлке табиғатымен, өндіріс отындарымен практика жүзінде таныстыру арқылы өз өлкесін сүйюге, қорғауға баулу.	Туризм және өлкетану өзінің аты айтып тұрғандай туризм мен өлкетану байланыстыра отырып, өлкенің туристік әлуетін пайдалану тұрысында білім беруді көздейді. Сонымен қатар пән аясында мектептегі туристік өлкетану жұмыстары негізінен география, өлкетану және туризм жөніндегі әртүрлі картографиялық материалдарды, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, жергілікті жердің схемалық жоспарын жасауға мүмкіндік береді.	Менгеру: Туризм және өлкетану негіздері өлкенің туристік әлуетін пайдалану тұрысында білім беруді көздейді. Сонымен қатар пән аясында мектептегі туристік өлкетану жұмыстары негізінен география, өлкетану және туризм жөніндегі әртүрлі картографиялық материалдарды, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, жергілікті жердің схемалық жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Дағдысы болу: жергілікті тарих туралы ақпарат, туристік экскурсиялық бағдарламаларды жасау үшін қажетті дағдысы болу. Жергілікті ақпараттың түрлі көздерін дербес қолдануға; жергілікті жерді іздеу және жүйелеу мүмкіндігі болуға; туристік бизнесте пайдалану мақсатында білімді болуға дағдылы болу.	Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы, Экология және өмір қауіпсіздік негіздері	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Кәсіпкерлік қызмет негіздері.
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	2	3	Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы	Бұл курста "сыбайлас жемқорлық" ұғымының теориялық - әдіснамалық	Менгеру: сыбайлас жемқорлықтың мәні мен себептері, оның шығу тегі;	Адам және қоғам мектеп бағдарламасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен

	негіздері			көзқарастарын, мәдениетін қалыптастыру; жемқорлыққа қарсы күрес бойынша білім жүйелерін және осы негізде азаматтық көзқарастарын қалыптастыру.	негіздері қарастырылады, жетілдіру проблемалары, әлеуметтік - экономикалық қарым-қатынастардың қазақстандық қоғамның шарттары жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, психологиялық ерекшеліктері, табиғат сыбайлас жемқорлық мінез-құлық ерекшеліктері қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, жастар мәселелері, моральдық-этикалық жауапкершілік сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттің түрлі салаларында.	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қарсы моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шаралары; жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнама Білу: күнделікті тәжірибе барысында адамгершілік нормаларын ұстанып және моральдық сананы дамыту; жұмыс істеу деңгейін арттыру адамгершілік және құқықтық мәдениет деңгейін жоғарлатумен жұмыс жасау; рухани-адамгершілік қызметтерін жемқорлықтың алдын алуға жұмылдыру; мүдделер және моральдық таңдау жағдайларына талдау. Дағдысы болу: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру; конфликтілі жағдайдағы іс-әрекет.	аясында.	әдістемесі, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Ювенология, Құқық негіздері, Экономика негіздері.
10	Еңбек қорғау	2	3	Бакалаврларды теориялық және практикалық кәсіби дайындау, қажетті білімдерді, дағдылар мен еңбек қауіпсіздігін өндірістік және тұрмыстық жағдайларда қалыптастыруға бағытталған, жарақаттанудың алдын алу және қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.	Бұл курста студенттер өндірістік ортаның адамға жағымсыз әсері мен идентификациясы сұрақтарымен танысады, адамның зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғау, еңбек қызметкерлері үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігінің психофизиологиялық және эргономикалық негіздерін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін басқару.	Меңгеру: Пәнді игеру нәтижесінде білім алушыда қалыптасатын білім, білік, дағды болу: Білу: Өндіріс туралы, онда қолданылатын технологиялардың қиындығы мен қауіптілігінің классификациясы туралы; Дағдысы болу: Еңбек әрекетінің психологиялық және физиологиялық аспектілері туралы; -Еңбек әрекетінің қауіпсіздігі туралы;	Адам және қоғам мектеп бағдарламасы аясында, Мектеп бағдарламасы өмір қауіпсіздік негіздері.	Экономика негіздері, Өлкетану, Кәсіпкерлік қызмет негіздері, Құқық негіздері, Білім берудегі менеджмент, ювенология.

2 курс

11	Мектепке дейінгі педагогика	3	5	Студенттерге тәрбиеші мамандығы және мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігі туралы біліммен сусындатып, практикалық дағдысы, кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін, жаңаша жұмыс істеу қабілеті дамыту.	«Мектепке дейінгі педагогика» курсына оқу барысында студенттер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негіздерін; практикалық және ғылыми міндеттерді шешуде мектепке дейінгі педагогиканың теориялық қалыптарын қолдана алады; қазіргі педагогикалық ғылымды және тәжірибені дұрыс бағалай алу іскерлігі қалыптасады. Болашақ мамандардың кәсіби іскерлігі мен шығармашылық қабілеттері дамиды.	Меңгеру: дұрыс бағалауға және даму тенденциялары қазіргі заманғы мектепке дейінгі педагогикалық практика тәрбиелеу. Білу: мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру әдістемесін. Дағдысы болу: мектепке дейінгі білім беру мекемесінде тәрбиешілері, балалардың дербес әрекетін ұйымдастыруға нысандарда, тәрбиешінің ата-аналарымен жұмыс әдістемесі бойынша көрсету туралы терең білім мазмұны	Педагогикалық – психологиялық мамандыққа кіріспе, педагогика тарихы, этнопедагогика және этнопсихология.	Әлеуметтік педагогика, Тұлғаның психологиялық-педагогикалық негіздері, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.
	Арнайы орта білім педагогикасы	3	5	Мақсаты: Болашақ педагогтардың кәсіби-педагогикалық құзырлығын қалыптастыру; орта арнайы білім беру педагогикасы қалыптасу және даму сатысында, білім берудің мазмұны мен түрлерін және арнайы орта оқу орындарында кәсіби тәрбиелеу проблемаларын қарастыру, кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін, жаңаша жұмыс істеу қабілеті дамыту.	Білім беру және оқыту педагогиканың жалпы түсініктеріне қатысты және ең маңыздылардың қатарында. Білім беру дегенде біз тәрбиенің мынадай жақтарын түсінеміз, яғни ғылыми және мәдени құндылықтарды, жинақталған адами қасиеттерден меңгеру жүйесінен тұрады, танымдық жүйенің білігі мен дағдысын меңгеру, осылардың негізінде тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық күшін және қабілеттерін дамыту, жалпы өмірге, еңбекке дайындау. Білім беру мазмұнына әлеуметтік тәжірибенің барлық элементтері кіреді. Мақсатына, сипаттамасына және дайындық деңгейіне байланысты, орта, жалпы, политехникалық, кәсіби	Меңгеру: болашақ тәрбиешілердің әр түрлі мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, педагогикалық міндеттерді қамтамасыз ететін кәсіби қызметінің жүйесін әзірлеу Білу: функциялары орта арнаулы оқу орындарының беруге және олардың рөлі кадрлар даярлау жүйесіндегі үздіксіз білім беру; негізгі заңнамалық құжаттар мен нормативтік актілер қызметін реттейтін арнаулы орта оқу орындарының және бағдарлауға, олардың мазмұны. Дағдысы болу: орта арнайы оқу орындарының студенттеріне шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыру тәсілдері.	Педагогикалық – психологиялық мамандыққа кіріспе, педагогика тарихы, этнопедагогика және этнопсихология.	Әлеуметтік педагогика, Тұлғаның психологиялық-педагогикалық негіздері, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.

	Қазіргі дидактикалық тұжырымдамалар	3	5	Мақсаты: оқу – үрдісінде жаңа формациялы маман дайындауда студенттердің кәсіби күзиреттілігін шындаудағы инновациялық технологиялар .	және жоғары білім болып бөлінеді. «Мектепке дейінгі педагогика» курсы оқу барысында студенттер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негіздерін; практикалық және ғылыми міндеттерді шешуде мектепке дейінгі педагогиканың теориялық қалыптарын қолдана алады; қазіргі педагогикалық ғылымды және тәжірибені дұрыс бағалай алу іскерлігі қалыптасады. Болашақ мамандардың кәсіби іскерлігі мен шығармашылық қабілеттері дамиды.	Меңгеру: негізгі педагогикалық тұжырымдамаларды бағалау, салыстыру, өзіндік талдау. Білу: негізгі педагогикалық тұжырымдамалардың генезисі. Дағдысы болу: педагогика облысындағы ғылыми практикалық әдебиеттерді талдау.	Педагогикалық – психологиялық мамандыққа кіріспе, педагогика тарихы, этнопедагогика және этнопсихология.	Әлеуметтік педагогика, Тұлғаның психологиялық-педагогикалық негіздері, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.
